

¹Кажатова Р.Н., ²Ахапов Е.А.

¹магистратура студенті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Ph.D., доцент м.а. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: raikul.07@mail.ru

ЖАПОН ҚОРЫНЫҢ «МАРУГОТО. ЖАПОН ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІ» ОҚУЛЫҒЫНА ШОЛУ

Мақала жапон тілін оқыту стандартымен және сол стандарт негізінде құрастырылып отырған «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» оқулығын таныстыруға арналады. Сонымен қатар, Жапон Қорының әлемде жапон тілін таратудағы қызметіне шолу жасалынады. Мақалада Жапон қорының жыл сайынғы әлемдегі жапон тілі туралы зерттеулері сарапталынып, жапон тілі оқыту стандартының ерекшеліктері қарастырылады. Мақаланың мақсаты – жапон тілін оқыту стандарты мен «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» оқулығын шетелдіктерге қазақ тілін оқып-үйретуде үлгі ретінде қарастыру болып табылады. Жапон тілін оқыту стандарты мен стандарт бойынша құрастырылған оқулықтың өзіне тән ерекшеліктерін анықтау, тіл үйретудегі арнайы жүйе мен сол жүйеге сәйкес келетін оқу құралының маңыздылығын көрсету.

Түйін сөздер: Жапон Қоры, жапон тілі, JF жапон тілін оқыту стандарты, Маругото.

¹Kazhatova R.N., ²Akhapov E.A.

¹master course student, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

²Ph.D., associate professor, al-Farabi Kazakh national university,

Kazakhstan, Almaty, e-mail: raikul.07@mail.ru

Review of the coursebook of Japan Foundation «Marugoto. Japanese language and culture»

The article is focused on the standard for teaching Japanese language and on the coursebook “Marugoto. Japanese language and culture” based on the standard. Moreover, a brief overview of the activities Japan Foundation in the dissemination of the Japanese language in the world. This article analyzes the annual report of the teaching Japanese language worldwide and describes main features of the Japanese language standard. The purpose of the article is to examine the standard of teaching Japanese language and the coursebook “Marugoto. Japanese language and culture” as an example of teaching the Kazakh language for foreigners. To highlight the importance of a certain language learning system and training materials that is suitable for this system by determining the features of the standard of teaching Japanese and the coursebook based on the standard.

Key words: Japan Foundation, Japanese language, JF Standard for Japanese-Language, Marugoto.

¹Кажатова Р.Н., ²Ахапов Е.А.

¹студент магистратуры, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Ph.D., и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Казахстан, г. Алматы, e-mail: raikul.07@mail.ru

Обзор учебника Японского Фонда «Маругото. Японский язык и культура»

В статье рассматриваются стандарты преподавания японского языка и учебник, составленный на основе стандарта «Маругото. Японский язык и культура». Также проводится краткий обзор деятельности и вклада Японского Фонда в распространение японского языка в мире. В статье анализируется ежегодное исследование о преподавании японского языка в мире и рассматриваются особенности стандарта японского языка. Целью статьи является представление и рассмотрение идеи стандарта преподавания японского языка и учебника «Маругото. Японский язык и культура» как образец преподавания современного казахского языка для иностранцев. Цель исследова-

ния – показать важность системы используемой при изучении языка и соответствующих учебных материалов, определив особенности стандарта преподавания японского языка и учебника, составленного на основе стандарта.

Ключевые слова: японский Фонд, японский язык, JF стандарт преподавания японского языка, Маругото.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану заманында әрқайсымыз үшін өзге тілді меңгеруге мүмкіндігіміз жоғары екені анық. Әрине, шет тілін үйренуде ең маңызды талап ол – адамның сол тілді үйренуге деген құлшынысының болуы. Сонымен қатар, қандай тіл болмасын, оны жоғары дәрежеде меңгеру үшін үйренуші де немесе сол тілді үйретуші маман да әртүрлі оқу құралдарына жүгінетіні сөзсіз. Себебі, оқу құралдары ол – белгілі бір нәтижеге жетуге жол нұсқаушы болып табылады. Әрине, тілді үйрену мен үйретудің сан түрлі жолдары бар. Дегенмен, арнайы оқулыққа сүйенбей, өздігінен тіл меңгеру мүмкін емес. Жоғары оқу орны немесе тіл үйрету орталығы болмасын, тіпті еркін тіл үйретуші адам да (репетитор) арнайы оқулыққа жүгіну арқылы ғана дәріс бере алады.

Сонымен, тілді меңгеруге я болмаса оқытуға арналған оқу құралы қандай болу қажет? Оқулық сол тілдің грамматикасынан бөлек меңгеріп жүрген тілге байланысты елдің мәдениетін де ұштастыра білсе әлдеқайда пайдалы болады. Өйткені, тіл үйрену арқылы сол елдің мәдениетінен де хабардар болу тілді меңгерудегі құлшынысты жоғарылата алады деген ойдамыз. Осыған орай, Жапон Қорының шетелдердегі жапон тілін үйренушілеріне арнайы жасап шығарған «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» (жапон тілінде – *まるごと日本のことばと文化*, келесі – Маругото) оқулығын үлгі ретінде ұсынуға болады.

Қазіргі таңда Жапонияның әлем бойынша экономикасы дамыған мемлекеттер қатарында екені бәріне мәлім. Сонымен қатар Жапония тек экономикасына ғана көңіл бөліп қоймай, өз мәдениеті мен тілін берік ұстанған санаулы елдер қатарына жатады. Жапония өз елінде ғана емес, өзге шет мемлекеттерде де жапон тілі мен мәдениетінің қарқынды дамуына арналған жұмыстар жасауда. Осы орайда әлем бойынша Жапонияны таныту мақсатында жүзеге асырылып отырған бағдарламалардың негізгі орындаушысы – Жапон Қоры (жапон тілінде – *国際交流基金*, ағылшын тілінде – Japan Foundation, келесі – JF) болып табылады. JF жапон мәдениеті мен жапон тілін шетелдерге таныстыру мақсатында

жұмыстар атқарып отырған Жапониядағы іргелі ұйымдардың бірі болып табылады. JF ұстанған негізгі бағыттарының бірі – жапон тілін үйренушілер санын көбейту. Халықтар арасындағы өзара байланысты орнатуда тіл көпір рөлін атқаратындықтан, дәл осы бағыт барынша маңызды аспект болып саналады. Жалпы Жапонияның танымалдылығы мен оның мәдени, экономикалық, саяси және т.б. түрлі аспектілеріне деген қызығушылықтың арта түсуі жапон тілін үйренушілер санының көбеюіне септігін тигізуде. Қазіргі таңда JF әлемдегі ірі мәдени инвесторлардың бірі болып саналады. Жапон тілін үйренушілер санын арттыру мақсатында JF әлемнің 190 мемлекетіндегі жобаларға демеушілік көрсетіп отыр. Сонымен қатар шет елдерге жапон тілі оқытушыларын жіберіп, шетелдік жапон тілі оқытушыларына біліктілікті көтеруге арналған тағылымдамаларды ұйымдастырады. Жапон тілі институттарына қолдау көрсетіп, жапон тілі деңгейін анықтау емтиханын өткізеді. Оқу материалдарын жасау мен тарату жұмыстарына қатысып қана қоймай, Жапониядан тыс мемлекеттердегі жапон тілін оқыту жайлы мәліметтер мен талдауларды жинауға атсалысады (Japan Foundation. Official site).

Әлем бойынша Жапон тіліне деген қызығушылықтың артып жатқандығын байқағандықтан, JF жапон тілін үйрету жолдарын көбейтуде. Осылайша JF жапон тілін үйренушілер мен Жапония және жапон тілі арасындағы байланыс көпірі рөлін атқарып отыр десек болады. JF құрастырып отырған оқу құралдары әлем бойынша жапон тілін оқыту орталықтарында, университеттерде негізгі немесе қосымша оқулық ретінде қолданылуы оның сапасының және нәтижелілігінің жоғары екендігін дәлелдейді.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеті

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты тіл үйрену мен оны үйретуде маңызды роль атқаратын оқу құралы, соның ішінде JF-тің шетелдіктердің жапон тілін үйренуіне арнап құрастырып шығарған Маругото оқулығын таныстыру болып табылады. Зерттеу жұмысының міндеті ретінде аталмыш оқулықтың қазақ тілін үйретуде өзімізге қажет тұстарын көрсету негізге алынды.

Осы орайда, зерттеу жұмысында JF ресми сайтындағы статистикалық мәліметтер мен баяндамалар, сонымен қатар жапондық зерттеушілердің оқулық жайында жазылған ғылыми жұмыстары қолданылды.

Бастапқы зерттеулер туралы

JF-тің шетелдерде жапон тілін оқыту ұйымдары жайлы жүргізген зерттеулеріне (2012 ж.) сүйенетін болсақ, әлемнің 136 елінде жалпы саны 3985669 (2009 жылдың есебімен салыстырғанда 9,2%-ға көбейген) жапон тілін үйренуші 16046 (2009 жылмен салыстырғанда 7,5%-ға артты) әртүрлі ұйымдарда жапон тілін меңгерген. Ал жапон тілі оқытушылар саны 63805 оқытушы болып, бұл көрсеткіш 2009 жылға қарағанда 28,1%-ға артқанын

байқауға болады. Сонымен қатар, төменде көрсетілген 1-кестеден 2015 жыл бойынша жүргізілген зерттеулердің қорытындысы да берілген. 2015 жылдардағы жапон тілін үйренушілер саны 2012 жылға қарағанда керісінше азайғанын байқаймыз. Осы орайда, баса назар аударатын мәселе зерттеуге тек Жапон Қорының ұйымдастырылумен құрылған жапон тілін оқыту ұйымдары және Қормен байланыстағы тіл институттарында жапон тілін меңгеріп жүрген оқушылар саны берілген. Егер өздігінен үйреніп жүрген тіл үйренушілер санын да қосатын болсақ, нәтиже әлдеқайда жоғары болуы мүмкіндігін алға тартады. Себебі қазіргі таңда қандай да бір тіл орталықтарына бармай, интернет ресурстары арқылы тілді меңгеріп алу мүмкіндігі жоғары.

1-кесте. Жапон Қоры зерттеулерінің нәтижесі

	2009	2012	2015
Жапон тілін үйренушілер	3,651,232	3,985,669	3,655,024
Жапон тілін оқытушылар	49,803	63,805	64,108
Институттар	14,925	16,046	16,179

Дерек көзі: <https://www.jpf.go.jp/e/project/japanese/survey/result/index.html>

Ескерту: Кестеде тек JF-тің әр мемлекетте орналасқан тіл үйрету базаларындағы жапон тілі үйренушілер саны енгізілген. JF қарамағына жатпайтын тіл үйрету орталықтарының және өздігінен жапон тілін үйренушілер саны есепке алынбаған.

JF мамандары жүргізген JF халықаралық орталығының зерттеулеріне қатысқан әр мемлекеттің жапон тілі оқытушыларының баяндамаларындағы жапон тілін оқыту жағдайларына назар салатын болсақ, «тіл үйренушілердің грамматика тұрғысынан білімдері жоғары болғанымен, ауызекі сөйлеуге келгенде тосылып қалады», «иероглиф (канджи) пен грамматиканы меңгеру көп уақыт алатындықтан тіл үйренушілердің оқуға деген құлшыныстарын бір деңгейде ұстап тұру қиын», «жапон мәдениеті мен күнделікті жапон тыныс-тіршілігі жайлы мағлұмат алуға мүмкіндік аз» деген мәселелер ұзақ уақыт бойы айтылып келе жатты. Осындай мәселелер туындаған соң JF «өзара түсіністікке арналған жапон тілі» ұстанымы негізінде жапон тілін оқыту, оқу, жеткен нәтижені бағалау мақсатында «Жапон Қорының жапон тілін оқыту стандартын» жариялап, кейіннен сол оқыту стандарты негізінде «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» атты оқулығын шығарады. Бұл жапон тілі курсына арналған оқулықта жапон тілін оқыту мазмұны мен тәсілдері жинақталған.

Маругото оқулығы JF-тің жапон тілін оқытуда негізгі оқу құралы ретінде ұсынылғаннан бері оқулықтың құрылымы, ерекшеліктерін айқын көрсететін мақалалар көптеп кездеседі. Оқулықтың негізгі авторлары Kijima Hiromi, Shibahara Tomoyo және Hatta Naomi-дың «JF日本語教育スタンダード準拠コースブックの開発」(2012 ж.), «『まるごと日本のことばと文化』における海外の日本語教育のための試み」(2014 ж.) еңбектерінде оқулықтың құрастырылуының себептері мен ерекшеліктері атап көрсетіледі. Бұл мақалалардың басым бөлігі JF зерттеу орталықтарының зерттеулеріне сүйене отырып жазылған мақалалар мен өткізілген семинарлар есептері болып саналады.

JF жапон мәдениеті мен тілін тарату, халықаралық байланыс орнату мақсатында 3 негізгі бағыт бойынша жұмыс атқаратынын жоғарыда атап көрсеткен болатынбыз. Шетелдерде жапон тілін оқытуға байланысты JF 1970 жылдардан бастап тіл үйретудегі негізгі оқулық, видео-оқулықтар, материалдар жинағы, интернет арқылы оқыту сияқты әртүрлі мазмұндағы

оқу құралдарын құрастыруда. Мысалы, 1981 жылы негізгі оқулық рөлін «日本語初歩» (Nihongo shoho. авторлары: Suzuki Shinobu, Kawase Ikuro. JF-ның жапон тілі халықаралық орталығы баспасы) атқарса, 1990 жылғы «日本語中級» (Nihongochukyu. авторлары: Suzuki Shinobu, Kawase Ikuro. JF-ның жапон тілі халықаралық орталығы баспасы) оқулығы бойынша жапон тілін үйретеді бастады. Соңғы жылдары және қазіргі таңға дейін жапон тілі оқыту ұйымдарының көпшілігінде «みんなの日本語» (Minanoniingo. Three Air Network баспасы) оқытылып келеді (The Japan Foundation Japanese-Language Institute, Urawa. Official site).

JF жапон тілін оқыту стандартын жоспарлау 2005 жылы басталып, 2010 жылы алғашқы нәтижелері жариялана бастады. «JF-тің жапон тілін оқыту стандарты» – JF-тің негізі идеясы «халықаралық мәдениет алмасу» және «өзара түсінушілік» ұғымдарын байланыстырып, Еуропаның CEFR (Common European Framework of Reference for Languages: Learning, teaching, assesment) жүйесін негізге ала отырып құрастырылған жапон тілін оқыту стандарты болып табылады. Бұл оқыту стандарты «Маруготоны» құрастырып шығаруда негізгі роль атқаратындықтан мақалада толығырақ сипатталады.

«Маругото» оқу құралын енгізудің алғышарттары

JF-тің жапон тілін үйрету бағытында JF өз кезегінде көптеген жұмыстар атқарды. Жапон тілін үйрену неғұрлым нәтижелі болу үшін аудио, видео оқуларды есептегенде өзге де оқу құралдары аз емес. Қазіргі уақытта JF-тің шет елдердегі ұйымдастырылған жапон тілін үйрену курстарында «Маругото» оқу құралы қолданылып жүр. Ол тек қана жапон тілінің грамматикасын үйретіп қана қоймай, күнделікті өмірде жиі орын алатын жағдайларға орайластырып құрастырылған. Сонымен қатар жапон мәдениеті жайлы мәліметтер де көп кездеседі. Бұл арқылы жапон тілін үйренушілер жапон тілімен қоса жапон мәдениетін жапон тілінде оқу мүмкіндігіне ие бола алады.

JF стандарты «өзара түсіністікке арналған жапон тілін» құрастыру үшін негіз ретінде басқа адамдармен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын жапон тілі мен мәдениет айырмашылығын түсіне алуды алға тартады. Маругото оқулығын жарыққа шығарушылар ұжымы жоғарыда көрсетілген мақсаттарды негізге ала отырып жаңа оқу құралын жасап шығарды. Ал бұл оқу құралының кеңінен қолданылуының себебі JF-тің оқулықты

жасауда әлемде жапон тілін оқыту практикасына сүйенуінде.

Оқулықты құрастырушылардың негізгі мақсаты – халықаралық мәдени алмасу немесе пікір алмасу жағдайларында өзара түсіністікті қалыптастыру. Сонымен қатар, тіл үйренудің алғашқы күндерінен бастап тілдік барьерді жою позициясы тұрғысынан да қарастырылып, өзге мәдениетті түсінудегі қиыншылықтар мен өзара байланыстың жапон тілі арқылы жүзеге асуын алға тартады. Оқулықтың ерекше көрсетіп кететін тұсы, ол оқулық тіл үйренушінің жапон еліне, оның мәдениетіне деген қызығушылығын тудыру мақсатында құрастырылғанын байқауға болады. Оқулықтағы әр тақырып күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайлармен қамтылып, әртүрлі мәдениет өкілдерінің жапон тілін қолдану аясында кездесумен анықталады.

Келесі кезекте JF-тің «Маругото» оқулығын шетелдіктерге жапон тілін үйретуде негізгі оқулық ретінде құрастырылуының алғышарттары төмендегідей.

Оқулықтың алға қойған мақсаты: өзара түсіністікке арналған жапон тілі.

JF-тің жапон тілін үйретуде негізгі мақсаттарының бірі ол – халықаралық мәдени алмасу арқылы екіжақты түсіністік орнату болып табылады. Жапон тілін үйренуші тілді үйреніп қана қоймай, сол елдің мәдениетімен таныса алуы, өз елінің мәдениеті арасындағы айырмашылық пен ұқсас тұстарын ажырата біліп, соны жеткізе алуы қажет. Яғни, сөз бен мәдениеттің екеуі де маңызды рольге ие болады. Сол себепті, «Маругото» жапон тілін ғана емес, сонымен қоса жапон мәдениетін де оқытатын оқулық ретінде құрастырылды. Жапон тілін тек жапондықтармен қарым-қатынасқа түсу үшін емес, жалпы ортақ қарым-қатынас тілі ретінде қолдануды мақсат етеді.

Жапон тілін үйренушілер: жалпыға ортақ жапон тілі

«Маругото» оқулығы JF базасына енетін тіл үйрету орталықтарында әлемнің әр түкпірінде жас ерекшеліктері әртүрлі тіл үйренушілерге арналады. Жалпы жапон тілі оқулықтарының оқу жоспары Жапонияда оқи алу, жұмысқа орналасу немесе жапон тілі емтиханын сәтті тапсыру сияқты мақсаттарды негізге алып құрастырылған. Дегенмен JF-тің шетелдерде жапон тілін оқыту ұйымдарының 2009 жылы жүргізген зерттеулеріне сүйенетін болсақ, жоғарыда аталған мақсаттардан бөлек басқа себептерге байланысты жапон тілін үйреніп жүргендердің басымдығын алға тартады. Яғни, жай ғана тілге

деген, жапон тілінде сөйлей алу, аниме, манга, жапон тарихына, мәдениетке деген қызығушылықтары бар болғандықтан жапон тілін үйреніп жүргендердің көп екендігін көрсетеді. Бұл оқулық жапон тілін практикалық тұрғыдан ғана емес, жапон тілін жеңіл түрде үйрену мен Жапонияға қызығушылық тудыру арқылы шетелдіктерге жапон тілін үйретуді мақсат тұтады. Өзара түсіністікке арналған жапон тілін оқытуды ұсыну аясында көптеген адамдардың жапон тілін үйрену мүмкіндігін тудырудың маңыздылығы артады.

JF-тің жапон тілін оқыту курстарының оқулығы ретінде.

«Маругото» оқулығы JF-тің шетелдердегі негізгі тірегі болып саналатын жапон тілін оқыту курстарына арналған оқу құралы ретінде құрастырылып шығарылған. Яғни, өзіндік мазмұны, оқыту тәсілі мен жүйесі бар арнайы жапон тілі курстарында қолданылатын оқу құралы болып табылады. Мысалы, бұған дейін қолданылып келген бастапқы деңгейдегі жапон тілі «日本語初歩», «日本語中級» оқулықтары құрылымдық оқу жүйесіне негізделген болатын. Нақтырақ айтқанда, белгілі сөйлем құрылымы беріліп, оқулықтағы жаттығулар мен диалогтар сол берілген сөйлем құрылымы аясында ғана құрастырылып отырған. Ал жапон тілін оқыту курстарындағылар сол берілген тәсіл бойынша ғана жапон тілін үйренетін. Алайда, бұл оқулық арқылы әртүрлі жастағы үйренушілер үшін қажет жапон тілін үйренуге мүмкіндік аз болды. Өйткені тек қана грамматика мен иероглифтерді үйрену, сол грамматикаға ғана негізделіп жасалған сөйлемдер мен диалогтарды қарастыру жапон тілін үйренушілер үшін қиындықтар туғызды. Ал «Маругото» оқулығы көбіне жапон тілін үйретуде жеңіл тәсілдерді ұсынады. Мысалы, оқулықта шетелдік үйренушілерге қиындық тудыратын иероглифтерді үйретуді негізгі мақсат ретінде қоймай, оның орнына жеңіл диалогтарды құрастырып үйретуді жөн санайды. Барлық жағынан алып қарағанда шетелдік жапон тілін үйренушілер үшін тілді үйрену жеңіл болуы қажет. Мұндай оқыту тәсілі арқылы үйренушілердің тілге деген қызығушылығы жоғалмайды.

JF жапон тілін оқыту стандартына сәйкес оқу құралы

Тіл мен қатар сол елдің мәдениетін үйрену, күнделікті тұрмыс-тіршілікте сол тілде оңай қарым-қатынасқа түсе алу – бұл JF жапон тілін оқыту стандарты негізінде құрастырылған оқу құралының негізгі мақсаты. Яғни, бұл идеяны ұстанып жапон тілін үйрету дегеніміз, өзара тү-

сіністікке арналған жапон тілін қолдану арқылы «тапсырмалар орындай алу» мен әртүрлі мәдениеттерді тоғыстыра отырып «мәдениет айырмашылығын түсіне алу» мүмкіндігін туғызады (Kijima, 2012: 8).

JF-тің жапон тілін оқыту стандарты туралы

Жоғарыда атап өткеніміздей, JF-тің жапон тілін оқыту стандарты шет тілдерді үйретуде қолданылатын CEFR жүйесі негізінде құрастырылды. CEFR (*Common European Framework of Reference for Languages: Learning, teaching, assessment – Шет тілдерді меңгерудегі жалпыеуропалық құрылым: үйрену, оқыту, бағалау*) – бұл Еуропада бекітілген шет тілдерді оқыту стандарты болып табылады. 2001 жылы құрылғаннан бері бұл стандартқа тек Еуропа мемлекеттері ғана емес, сонымен қатар әлемнің басқа елдері де көңіл аударып келеді. Ал бұл стандарттар қазіргі уақытта әлемнің 40-тан астам тіліне, атап айтатын болсақ, ағылшын, неміс, француз, испан, түрік, араб, орыс, корей және т.б. тілдеріне қолданылып отыр. Сонымен қатар, осы стандарт бойынша тілді үйретуді қолға алған ұлттық ұйымдар CEFR жүйесінің таратылуына жауапты (Common European Framework of Reference for Languages (CEFR). Official site).

«The JF Standard for Japanese Language Education 2010» (JF 2010. JF Standard for Japanese Language Education. Official site.) деректеріне сүйенетін болсақ, бұл стандарт жапон тілін қалай үйрену және үйрету, білім деңгейін қалай бағалау қажеттілігін анықтайды. JF жапон тілін оқыту стандарты төмендегідей секциялардан құралған.

Тіл үйренудегі алты деңгей

Can-do көрсеткіші

JF-тің жапон тілін оқыту стандартының ағашы (the tree of the JF Standard)

Портфолио


Аталмыш стандарт тіл үйренушіге өзінің жапон тілі деңгейін білуге септігін тигізеді, яғни әр үйренуші өздігінен жапон тілі деңгейін бақылай алады.

JF жапон тілін оқыту стандартында көрсетілген тілді игеру дағдылары CEFR стандарты сияқты 6 негізгі деңгейге бөлінген. Деңгейлер ең төменгі A1-ден басталып, ең жоғарғы деңгей C2-ден аяқталады. A1 деңгейінде үйренуші алдын ала жатталған сөздерді қолданып қысқа сөйлемдерді айта алу, өзін таныстыра алу сияқты дағдыларды меңгерсе, ең жоғарғы C2 деңгейдегі үйренуші аудитория алдында күрделі

тақырыптарда сөз қозғай алатындай дәрежеге жетеді. Бұл деңгейлер жапон тілін үйренушілердің қаншалықты грамматиканы немесе иероглифтерді (канджи) игергеніне негізделіп емес, олардың жапон тілін қолдану арқылы қаншалықты тапсырмаларлы орындай алуына негізделіп бөлінеді.

Бағалау жүйесі ретінде Can-do көрсеткіші қолданылады. Көрсеткіште жапон тілін үйренуші әр курстың соңында қандай дағдылар мен білімді игеріп үлгеру қажеттілігі жөніндегі мағлұматтар жазылған. Бұл Can-do-лар «I can» деп басталып, әр деңгейде тіл үйренуші қандай дағдыларды меңгергенін сипаттайды. JF стандартында қолданылатын Can-do CEFR стандартындағы Can-do мен JF стандартының

Can-do кестесін қамтиды. CEFR стандартындағы Can-do көпмақсатты абстрактілі дескрипторлар болса, JF стандартындағы Can-do әртүрлі жағдайларда қолданылатын жапон тіліне арналған практикалық сабақтар болып келеді. Can-do көрсеткішіне қарай отырып, жапон тілін үйренуші өзінің жапон тілі деңгейінің қаншалықты жоғарылағанын және болашақта қандай жағынан тілді дамыту керек екенін саралай алады. Төмендегі берілген 1-суретке назар аударатын болсақ, жапон тілін үйренудегі негізгі мақсат – жапон тілінің практикалық жағына көп көңіл аудару, яғни жапон тілін үйренушілер жапон тілін басқа адамдармен коммуникацияға түскенде қаншалықты қолданатынына көңіл бөледі десек қателеспейміз.



Дерек көзі: <https://jfstandard.jp/summaryen/ja/render.do>, Жапон Қорының ресми сайтынан алынды.

1-сурет. CEFR стандарты негізінде құрылған Can-do көрсеткішіндегі тіл деңгейлері

JF жапон тілін оқыту стандартының ағашы (the tree of the JF Standard)

Жапон Қоры жапон тілін оқыту стандартының ағашында коммуникативті тілдік құзіреттілік (communicative language competences) пен коммуникативті тілдік қызмет (communicative language activities) арасындағы байланысты көрсетеді.

Коммуникативті тілдік құзіреттілік ағаштың тамырлары ретінде бейнеленген және олар тіл арқылы қарым-қатынасқа түсуді қолдайды. Коммуникативті тілдік құзіреттілік төмендегідей компоненттерден құралған:

1. Тілдің лексикалық, грамматикалық, фонологиялық, орфографиялық және т.б. элементтерге қатысты лингвистикалық құзыреттілігі.


2. Тілдің қандайда бір жағдайға немесе ортаға байланысты қолданылатын социолингвистикалық құзыреттілігі.

3. Тіл үйренушілердің сөздерді дұрыс қолдана алу, мағынасын түсіну дағдыларына негізделген прагматикалық құзыреттілік.

Коммуникативті тілдік қызмет коммуникативті тілдік құзіреттілікке негізделіп ағаштың бұтақтары сияқты жан-жаққа тарайды. Комму-

никативтік тілдік қызметтің қолданылу аясы өте ауқымды болғандықтан, оларға төмендегідей классификация жасаса болады (Minna no Can-do. Official site.):

- «қабылдайтын іс-әрекеттер» (оқу және тыңдау),
- «өнімді әрекеттер» (сөйлеу және жазу)
- «интерактивті әрекеттер» (әңгімелесу).



Дерек көзі: <https://jfstandard.jp/summaryen/ja/render.do>, Жапон Қорының ресми сайтынан алынды.

2-сурет. Жапон Қоры жапон тілін оқыту стандартының ағашы

Сонымен қатар бұл 3 санат бір-бірімен «мәтін» арқылы байланысса, әр санаттағы іс-әрекеттер бір-бірімен «стратегиялар» арқылы байланысатынын аңғарамыз. Ағаштың неліктен осылай ойластырғанын түсіндіре кететін болсақ, ол жапон тілін оқу мақсатына байланысты. Өйткені адамдар жапон тілін әртүрлі мақсатта үйренгісі келеді. Кейбіреуі жапон технологиялары жайлы білгісі келсе, басқалары жапондықтармен сөйлесу мақсатында үйренуі мүмкін. Ал үшіншілері жапон тілінде манга оқи алуды қалағандықтан жапон тілін үйреніп алуды жөн санайды. Міне, жапон тілін үйрену мақсаты әртүрлі болғандықтан сол мақсатқа жетудің жолдары да түрлі болатыны сөзсіз.

JF жапон тілін оқыту стандартының ағашы да жапон тілін үйренушілердің назар аударуы

қажет нақты тілдік құзыреттіліктерді анықтап, сол бойынша өздерінің мақсаттарына жетуге негізделген жапон тілін үйренуге байланысты оқу жоспарын құрастыруға болады.

Портфолио

Портфолио – әрбір тіл үйренушінің оқу үдерісін көрсететін негізгі құрал болып табылады. Портфолио құрылымына келетін болсақ, JF жапон тілін оқыту стандартындағы портфолио үш түрлі компоненттерден тұрады: «бағалау кестелері», «лингвистикалық және мәдени тәжірибелер туралы жазбалар» және «оқу жетістіктері». Жапон тілін үйретуші мамандар жоғарыда аталған үш компонентті мақсаты мен қажеттілігіне сәйкес біріктіру арқылы портфолионы өз еріктерімен құра алады.

Портфолионы құрастырудың негізгі пайдасы – оқушылар өздерінің жапон тілін меңгеру деңгейін бағалай алып және оны оқу үрдісінде көрсете алады. Сонымен қатар, егер жапон тілін үйренуші бір оқу орталығынан басқасына ауысқан жағдайда осы уақытқа дейін қол жеткізген білім деңгейінен бастап жапон тілін меңгеруді жалғастыра алады.

«Маругото» оқулығының құрылымы

Бұл оқулық түрлі жастағы жапон тілін үйренушілерге арнап құрастырылады. Жалпы Маругото оқулығы А1 деңгейінен бастап В2 деңгейін қамтып, қазіргі таңда соңғы қалған деңгейлерге арналған оқулықтар жасалынууда. А1 деңгейіне арналған оқулық жинағы 2013 жылдың қыркүйек айында жарыққа шықса, А2 деңгейінің оқулығы 2014 жылдың маусымында жапон тілі орталықтарына қолданысқа беріледі. Ал В1 және В2 деңгейінің оқулықтары толықтырылу үстінде. Оқулықтың әрқайсысы 18 сабақтан тұрып, 1 сабақ 120 минутты құрайды. Сонымен бірге, әр курстың ортасында және соңында бақылау тестері жүргізіледі. Осылайша әр деңгей курсы 20 сабақты құрайды. «Маругото» бойынша өткізілетін сабақ ең алдымен сабаққа байланысты қойылған сұрақтан басталады. Бұл сабақтың мазмұнын қандай болатынын елестетуге және соған дайындалуға көмектеседі. Әрі қарай лексика, иероглифтерді өтіп, соңында берілген тапсырмалар орындалынады. Оқулық әртүрлі тақырыптарға бөлінген және бір тақырып екі сабақ бойы қарастырылады (Marugoto. Official site).

«Маругото» оқулығында жапон тілін оқуға қажетті барлық аспектілер енгізілген: тыңдау, сөйлеу, жазу, оқу, монологтық және диалогтік сөйлемдер және т.б. Аудио, видео, бақылау тестері материалдарының бәрі Marugoto Plus сайтында көрсетіліп, кез келген жапон тілін үйреніп жүрген адам сайтқа тіркелу арқылы қажетті материалдарды жүктей алады. Сонымен қатар бұл сайтта әркім өзі жапон тіл білімі деңгейін тексеріп, өткен материалды қорытындылау мүмкіндігіне ие.

Әр деңгейдің оқулығы екі кітаптан құралады. Бірі түсіну үшін арналған болса (*Rikai*), екінші кітап Жапон Қоры жапон тілін оқыту стандарты ағашында көрсетілген басқа жұмыстарға арналған (*Katsudou*).

Rikai кітабында үйренуге қажет негізгі оқу материалдары жинақталған. Атап айтсақ, жаңа сөздер топтамасы, хирагана және катакана әліпбиі, иероглифтер (канджи), грамматика және

сөйлем құрылымдары енгізілген.

Katsudou кітабына негізгі мәтіндік және суретті тапсырмалар енгізілген. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы жапон тілін үйренушілер Can-do көрсеткішінде жазылған қажетті коммуникативті дағдыларын жоғарылата алады (Kijima, 2014: 10).

Қорытынды

Сонымен, JF жапон тілін оқыту стандарты қазіргі таңда әлемге танымал тілдік стандарттар қатарында. CEFR жүйесі бойынша еуропалық және еуропалық емес бірнеше тілдер үйретілсе, ал JF жапон тілін оқыту стандарты бүкіл әлем бойынша жапон тілін шет тіл ретінде үйретуге арналған. JF бірнеше жылдар бойы жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, CEFR жүйесі – тілді оқып-үйретуде басқа тілдік стандарттармен салыстырғанда барынша ыңғайлы әрі жеңіл жүйе болып табылады. Сол себепті, Жапон Қоры CEFR жүйесін жапон тілін оқыту стандартын құрастыруда негіз ретінде алуы соның дәлелі десек болады. Ал JF жапон тілін оқыту стандарты бұл – JF-тің жапон тілін үйретудегі басты бағыт-бағдар көрсетуші құралына айналып отыр.

Ал «Маругото» тек жапон тілімен шектелмей, мәдениет жайлы ақпараттарды да қамтиды. Бастапқы деңгейден бастап адамдар арасындағы өзара мәдени түсінушілікті орнатуды көздейді. Осылайша «Маругото» оқулығы түрлі тақырыптар мен материалдар қамтылған жапон тілін оқытудың бірде-бір таптырмас құралы болып саналады. Бұл оқулықты негізі оқулық ретінде де немесе қосымша ақпарат құралы ретінде де қолдануға болатынына көзіміз жетті деген ойдамыз. Ал JF-тың жапон тілін үйренуге ұсынған оқыту стандарты бойынша тілді меңгеру үйренушінің қабілетін одан сайын арттыруға мүмкіндік береді. Себебі, тілді үйрену барысында өзінің жетістіктері мен әлі де жетілдіру қажет осал тұстарыңды бірден анықтау тиімді.

Бұндай оқыту жүйесін қазақ тіліне де қолдануға болады ма? Қазақстан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқу орындарында үштілділікті қолға алуда. Әрине, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруге қандай да бір бірыңғай оқыту жүйесі қажет екені сөзсіз. Бұл тарапта, арнайы құзырлы ұйым үш тілдің ерекшеліктерін ескере отырып бәріне тиімді оқыту стандартын жасап шығаруы қажет. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, орыс және ағылшын тілдері CEFR стандарты бойынша оқытылады, ал қазақ тілін

үйретуді қазіргі таңға дейін еуропалық оқыту стандарты қолданылмағанын еске сала кетейік. Сол себепті, қазақ тілінің еуропа тілдерінен ерекшелігін еске ала отырып, JF-ның жапон ті-

лін оқыту стандарты үлгісінде өзіміздің қазақ тілін оқыту стандарты мен сол стандарт негізінде оқыту құралын жасап шығаруға болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

Japan Foundation. Official site. <https://www.jpf.go.jp/e/>. Accessed 15 December 2018.

The Japan Foundation Japanese-Language Institute, Urawa. Official site. <https://www.jpf.go.jp/e/urawa/>. Accessed 15 December 2018.

来嶋 洋美、柴原 智代、八田 直美 (2012) 「JF日本語教育スタンダード準拠コースブックの開発」国際交流基金日本語教育紀要, vol. 8, pp. 103-117.

Common European Framework of Reference for Languages (CEFR). Official site. <https://www.coe.int/en/web/common-european-framework-reference-languages>. Accessed 15 December 2018.

JF Standard for Japanese-Language Education. Official site. <https://jfstandard.jp/top/ja/render.do>. Accessed 15 December 2018.

Minna no Can-do. Official site. <https://jfstandard.jp/cando/top/ja/render.do>. Accessed 15 December 2018.

Marugoto. Official site. <https://www.marugoto.org/en/>. Accessed 15 December 2018.

来嶋 洋美、柴原 智代、八田 直美 (2014) 「『まるごと 日本のことばと文化』における海外の日本語教育のための試み」国際交流基金日本語教育紀要, vol. 10, pp. 115-129.

References

Kijima Hiromi, Shibahara Tomoyo, Hatta Naomi (2012) JF nihongo kyōiku sutandādo junkyo kōsubukku no kaihatsu. Kokusaikōryūkin nihongo kyōiku kiyō, vol. 8, pp. 103-117.

Kijima Hiromi, Shibahara Tomoyo, Hatta Naomi (2014) “Marugoto Nihon no kotoba to bunka” ni okeru kaigai no nihongo kyōiku no tame no kokoromi. Kokusaikōryūkin nihongo kyōiku kiyō, vol. 10, pp. 115-129.